



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ



АЙЛЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№8 (36)  
Желтоқсан  
Декабрь  
December  
2021

# ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

# 30 ЖЫЛ





Біз қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі  
межесіне қадам бастық, ХХІ ғасырдың  
жиырма бірінші жылы барша адамзат үшін  
бетбұрыс кезеңіне айналмақ.  
Бұл жыл алдағы онжылдықтың басты бағдарын  
айқындайды.

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
15 қаңтар 2021 жыл*

**«Шабьт» журналының негізін қалаған Қазақстанның еңбек сіңірген өнер  
қайраткері, профессор Әшірбек Сығай**

### **№8 (36)**

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

#### **Редколлегия:**

**Мусахаджаева А.Қ.** – Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның халық артисі,  
профессор

**Тұрымбетова А.Е.** – оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор,  
философия докторы (Phd)

**Егинбаева Т.Ж.** – ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, өнертану ғылымдарының  
кандидаты, профессор

**Омарова Ж.Н.** – тәрбие ісі жөніндегі проректор, өнертану ғылымдарының магистры,  
доцент

#### **Редакция:**

**Әлмұханова Р.Т.** – редактор

#### **Көркемдік кеңес:**

**Мұхтарова Ғайни Сейсенқызы** – Көркем өнер факультетінің деканы, философия  
ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі.

**Байбосын Мұхтар Қайратұлы** – доцент, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі,  
“Құрмет” орденінің иегері.

**Тоқсанова Әсел Асқарқызы** – ҚазҰӨУ “Сценография және сәндік өнер”  
кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымдарының магистры.

**Редакцияның мекенжайы:** Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 50, 2 қабат,  
212 а бөлме.

Электрондық адрес: [shabytkaznui@mail.ru](mailto:shabytkaznui@mail.ru)



**МАЗМҰНЫ**  
**№8 (36)2021**

**Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құтты болсын!**  
**Студенттер жырлайды**  
Туған күніңмен, Тәуелсіздік!  
Орындалған арман  
Еркінұлы Жантас .....2

**Тәуелсіздік –тұғырым**  
Нұрбек Мөлдір .....3

**Әлем және Қазақстан:**  
Дубай, Берлин, Анкара .....4

**Құттықтаймыз!**  
Әкім Тарази – «Қазақстанның Еңбек Ері»  
**Қаламның абыройын асқақ ұстаған**  
Ержанова К. ....8

**Марапаттарыңыз құтты болсын!**  
Бағдат Сәмединова, Раушан Бескембирова,  
Жанғали Жүзбай, Лейла Махат,  
Арман Жайым, Нұрлан Жұманиязов .....10

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналады  
**«Арман қала»: Талғат Тайшанов фотокөрмесі.....17**

Кафедра «Музыковедение»  
**К 30-летию Независимости Республики Казахстан .....25**

Художественный факультет  
**«Елімнің ертеңі – өнерімнің оркені»**  
**«Процветание искусства – будущее страны»**  
Мухтарова Г.С. ....28

**«Тәуелсіздікке шашу» номинация бойынша Гран-При .....35**

**Жаңа фильм**  
**«Қаныш. Қазына»**  
Жүкен Н. ....36

Жас сыншының трибунасы  
**Сахна төрі киелі**  
Толқынбекқызы Б.....39

**DISKLAVIER АУДИТОРИЯСЫНДА.....45**

**Ризашылық білдіреміз!.....48**



## ТУҒАН КҮНІҢМЕН, ТӘУЕЛСІЗДІК! (экспромт)

Мен сені түсімде көрдім,  
Жыладым көзден қан ағып.  
Басыңда сенің бабаларым тұрды,  
Аппақ сәлдеге оранып.  
«Сені берсін» деп, қырық әулиені шақырып,  
Дұға тіледі даналық.

Мен сені тастардан көрдім  
Тоныкөк бабам қалдырған.  
Мен сені көрдім,  
Лағмул-мағфуздан – тағдырдан.  
Тасаттық айтып, өзіңді күттік, көз ілмей,  
Жұмақтан келер жаңбырдан.

Мен сені көрдім, сұлу қараса күлімдеп,  
Айды тербеген алқызыл аңсар түнің боп.  
Сені іздеп айтқан жүректе тұнған зарымнан,  
Қобыздың даусы дірілдеп.

Мен сені күттім,  
Ұлытау басына от жағып.  
(Ұлылар кетті соғталып)  
Мен сені күттім, мұрағаттардай сарғайып,  
Жүрекке үлкен дақ салып.


Қош келіпсің, Тәуелсіздік деген патшалық!

## ОРЫНДАЛҒАН АРМАН (Махамбеттің атынан тәуелсіздікке ода)

«Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім...»  
(Махамбет)

Еңсесі биік ақ орда  
Елдігі бастан таймаған.  
Ертеңгі көрер күніңді  
Егемендікке байлаған.  
Ереулі атқа ер салып,  
Егеулі найза сайлаған,  
Ерлікке барған ерлер бар,  
Елдіктің қамын ойлаған.

Тұлпарлар өткен тоздырып,  
Тулақтай ғана жұмыр жер.  
Тарихтан дәуір оздырып,  
Тайқымайтұғын ғұмыр бер!



Таңшолпан туған таң сайын,  
Тәуелсіздіктің нұрын көр,  
«Тар жол тайғак кешудің»,  
Тәңірім, енді құнын бер!

«Орай да борай қар жауса»,  
Осалдық бермес басқаға.  
Азаттық ары секілді  
Окалы орда – астана.  
Баянды елдің бақытын  
Бетінен әсте жасқама!

Азаттық жырын жырлатып,  
Қазақтық сарын тыңдатып,  
«Адыра қалған Нарыннан»  
Айналып өткен бұл бақыт.  
Ақтабан мінген Исатай  
Армандап өткен бұл бақыт.  
Аналар айтқан зар мұңнан  
Ашылмай қалған сыр бақыт.  
Алатаудан арайлап  
Алашка қонған шын бақыт!

Мұнардан ашқан күн демін,  
Мұңдардан қашқан түн легін,  
Мекеніне қондырған  
Мерекем ғой бұл менің.  
Мергенге түспес тоғайда  
Маралым ғой бұл менің.  
«Мен Нарыннан кеткенмен»,  
Мәңгілік елмен біргемін!..

Жантас Еркінұлы,  
Кинотеледраматургия  
мамандығы, 2-курс  
студенті.



**Құттықтаймыз!**

2021 жыл Жантас Еркінұлы үшін табысты болды. Ол «Рахымжан Отарбаев «Руханият қоры» жеке қоры ұйымдастырған «Рахымжан Отарбаев драматургиясы: зерттеу мен зерделеу» республикалық байқауда жеңімпаз атанды. «Ауылым - алтын тұғырым» әдеби онлайн додасында жүлдегер атанды. Алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тілейміз.



*Мөлдір Нұрбек,  
Киім дизайны мамандығы, 3 курс студенті*

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!

Тәуелсізбіз, азатпыз, егеменбіз,  
Ешкімге де намысты бермегенбіз.  
Қадамды нық басып, алға бастап,  
Бұл жолмен мол бақытқа кеңелерміз.

Азаттық деп батырлары жиналды,  
Ұрпақ үшін қан төгісті, қиналды.  
Жеңілмеске хас дұшпанның алдында,  
Халқы алдында батырлықпен сыйланды.

Қиындықтар артта қалды келмеске,  
Тәуелсіздік оты мүлде сөнбеске,  
Қазақ жаны, таза қаны төгілді,  
Ұмытылмас есімдері өлмеске.

Сол арманға жеттік, міне, дарамыз,  
Енді жауға қарсы тұра аламыз.  
Кең байтақ, ұлан-ғайыр мекенде,  
Көркейеміз, жарқыраймыз, жанамыз.

Тоқтамасын бұл бағыт самғай берсін,  
Сен енді тәуелсіз елдегі ерсің!  
Көк туды желбіретіп барша әлемге,  
Жеңістерге жете берсін, әділ жеңсін!

Тәуелсіздік, еркіндігім, кеңдігім,  
Қуанышым, қасиеттім, теңдігім.  
30 жыл құтты болсын баршаңа,  
Шырайлы жылы жүзді, кеңдігім!



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Біріккен Араб Әмірліктері. 24 шілде 16 желтоқсан



**SAMIT EVENT GROUP**  
PRESENTS  
30TH ANNIVERSARY OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE  
MIDDLE EAST TOUR

**AIMAN MUSSAKHAIYeva**  
PEOPLE'S ARTIST OF KAZAKHSTAN

**ALFIYA KARIMOVA**  
SOPRANO

**TALGAT MUSSABAYEV**  
BARIYTON

MINISTRY OF CULTURE AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

**MIKHAIL KIRCHHOFF**  
CONDUCTOR

**JULY 24** LIVE  
THEATRE AT MALL OF EMIRATES  
8 PM

KAZAKH STATE SYMPHONY ORCHESTRA

TICKETS AVAILABLE AT [Book2show](#)

Қ а з а қ с т а н Республикасының Дубай (Біріккен Араб Әмірліктері) қаласындағы Бас консулы Рауан Әбдіманапұлы Жұмабектің қолдау көрсетуімен 2021 жылғы 24-шілде және 16-желтоқсан күндері Дубай қаласында мазмұнды іс-шара өткізілді.

Дубайда Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс - шарада Айман Мусахаджаеваның жетекшілігімен ҚазҰӨУ халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті



Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құтты болсын!

30  
ҒЕТ-ҒЕЗІМДІК  
ҚАЗАХСТАН





### ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Германия: Берлин  
«Berliner Philharmonie»  
23 қараша

Берлиндегі «Berliner Philharmonie» залында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы абыроймен атап өтілді. Бұл кеште Айман Қожабекқызы Мусахаджаева, «Астана Опера» артистері Талғат Мұсабаев пен Салтанат Ахметова өнер көрсетті. Сондай-ақ көптеген халықаралық конкурстардың жеңімпазы, композитор Рахат-Би Әбдісағын, Айдар Торыбаевтың жетекшілігімен университетіміздің симфониялық оркестрі және домбырашылар ансамблі де өнер көрсетті.





Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құтты болсын!

30  
ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН



## ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Түркия: Анкара  
27 қараша

«SCO Ada Ankara» концерт залында ректоры Айман Қожабекқызы, белгілі опера әншісі Талғат Мұсабаев, композитор Рахат –Би Әбдісағын өнер көрсетті.

Бұл концерт дирижер Айдар Торыбаевтың жетекшілігімен Еуразиялық симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен өтті. Сондай-ақ «Шабыт» домбырашылар ансамблінің орындауында қазақтың дәстүрлі күйлері орындалды.



# Құттықтаймыз!

## МАҚТАНЫШ

### ҚАЛАМНЫҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚ ҰСТАҒАН

Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесінде халқымыздың сүйікті жазушысы, белгілі драматург Әкім Тарази мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды. Бұл, әрине, мемлекеттік жоғары марапат!

Әкім Таразидің шығармашылығы көпшілік оқырманға да, көрерменге де көптен таныс. Өйткені Әкім Үртайұлы – прозамен қатар киносценарий, пьеса жанларын сонау алпысыншы жылдары-ақ қатар алып жүрген, өнімді еңбек еткен қаламгер! Тарази шығармашылығы көркемдігімен, астарлы ойымен, ерекше жеткізу шеберлігімен құнды.

Ағамыздың өзгелерге ұқсамайтын өзіндік стилі бар. Әдебиет әлемінде қолтаңбасы айқын жазушы.

Платон «Ион» атты диалогы еңбегінде жазушыны «құдайдың жер бетіндегі шебері» деп бағалайды. Жалпы құдайдың идеяларын, одан келетін ақпаратты көркемдеп, ерекше шеберлікпен басқаларға жеткізуші деп қарастырады. Демек, көркем әдеби туындыны кез келген адам шығара алмайды. Ол құдіреттің таңдауымен жаратылысы бөлек адамдарға ғана тән. Қазақ әдебиетінде сондай жаратылысы бөлек жазушының бірі – Әкім Тарази. Себебі



# Құттықтаймыз!

30  
ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН

Тарази қай заманды суреттесе де, адамның өзіне тән тағдырын, болмысын, мінез-құлқын табиғи көрсетеді. Кейіпкердің түр-тұрпатын, іс-қимылын шығарманың соңына дейін бақылап, сол кейіпкермен бірге өмір сүргендей боласың. Оған жазушының кез келген шығармасынан мысал келтіруге болады.

«Тасжарған» романы. Шығармада кеңестік кезеңнің шындығы мен сан түрлі кейіпкерлердің өмірі бейнеленген. Романдағы әрбір кейіпкердің жан дүнесін автор жай ғана емес, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасында түрлі қиындықтармен ашқан. Шығарманың бас кейіпкері Омар Берденов ойының алғырлығымен, дүниетанымымен ерекше. Одан бөлек Ұлмекен, Әли, Матеков, Аблез, Қойкелді сынды кейіпкерлер бар. Әкім Тарази әрбір кейіпкердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына, сөзіне, ойына философиялық тұрғыдан келген. Автор бас қаһарман мен басқа кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты ашуда айырықша шығармашылық тәсіл қолданғанын және күтпеген тосын оқиғаларды алға гартып отыратындығын байқаймыз.

«Қорқау жұлдыз» романы да оқырмандар тарапынан тұрақты сұранысқа ие. Ағылшын тіліне аударылып, миллиондаған әлем оқырманы оқыды. Тарази шығармаларын зерттеуші Ұларбек Нұрғалымұлының «Жазушы жаны» атты еңбегінде «Бұл романды қолына алып, оқи бастаған адам жазық даладағы жалғыз қаңбақтың боран басталған сәтіндегі күйін кешеді» делінген. Роман, шынында, бастапқыда өте жеңіл оқылатын сияқты. Онда бір әулетте болған оқиғаларды суреттеу арқылы қазақ болмысын, отбасылық тәрбие, жеке адамның психологиясы сияқты мәселелер және оқу-ағарту, саяси мәселелер қозғалған. «Әулеттің атына кір келтірмеу» деген түсініктерді, бойжеткен қыздың трагедияға ұшыраған тағдырын суреттейді.

Тәрбиелі отбасында өскен қыздың байқамай жасаған қателігін түсінбей, алыс ауылға жіберіп, отбасына жолатпай, жазалануы, кімнің де болса, ызасын туғызары сөзсіз. Ішкі сырын басқаларға білдірмей, әдептен аттай алмай, ақыр соңы, жантүршігерлік жағдайда қаза табуы өкінішті. Суреткер кейіпкерлердің әлеміне үңіліп, кейіпкердің мінезіне сай әрекет етуі, ерекше әдістермен ашуы таңғалдырады.

Тарази туралы тұлғалар пікірі аз емес. Соны бірі – Серік Мақыпов: «Әкім Тарази – қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты олжа салып, өзінің әдеби

мектебін қалыптастырған қаламгер»,– деген. Шынында да, солай.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Қазақстанның Еңбек Ері» Әкім Тарази бұл күнде біз білім алатын Қазақ ұлттық өнер университетінде профессор! Талай шәкірт тәрбиелеп ұшырған аяулы ұстаздың мемлекет деңгейінде үлкен құрметке ие болуы біз үшін мақтаныш! Қаламның абыройын асқақ ұстаған қаламгердің бүгінгі мәртебесі – жасталап қаламгерлерді талмай еңбек етуге жетелеп, жігер берер қозғаушы күш! Ардақты ұстазымызбен мақтанамыз!



*Карина Ержанова,  
«Кинотеледраматургия» мамандығы,  
3 курс студенті*

# Құттықтаймыз!



*Бағдат Сәмединова*



*Рухия Байдуkenова*

*Құттықтаймыз!*

**30**  
ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН



*Раушан Қалайдарқызы Бескембировна  
көңцертмейстер, пианист*



Н.М.Сапарова

# Құттықтаймыз!



*Жанғали Жүзбай*

# Құттықтаймыз!

30  
ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН



*Нұрлан Жұманиязов  
Қ.Қуанышбаев атындағы театрының режиссері*



*Е.Хусаинов*



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

Альмира Сансызбайқызы Сейт-Әкімова



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

Бақыт Құрманшқызы Мұқышева



# Құттықтаймыз!



Тойжан Жылқайдарқызы Егинбаева



Лейла Болатқызы Махат



# Құттықтаймыз!



*Арман Жайым*

2021 жылғы  
2 желтоқсандағы  
Жарлық бойынша  
«Құрмет» орденімен  
наградталды

Указом  
от 2 декабря  
2021 года  
награжден  
орденом «Құрмет»

Қазақстан  
Республикасының  
Президенті



*Тоқаев*



## «АРМАН ҚАЛА»: ТАЛҒАТ ТАЙШАНОВТЫҢ ФОТОКӨРМЕСІ

Елордада «Арман қала» атты ерекше фотокөрме ашылды. Оны Қазақстанның Кинематографиялық өнер мен ғылым ұлттық академиясының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ТМД елдері телевизия және радио Еуразиялық академиясының мүшесі, ҚазҰӨУ «Киноөнер және телевизия» факультетінің ұстазы Талғат Тұрғанбайұлы Тайшанов ұсынды. Астана тұрғындары мен қонақтары «Бәйтерек» монументінің алаңына орналасқан бұл фотокөрмеден оның жүзге жуық жұмысын тамашалауға мүмкіндік алды.

Тәуелсіздік дәуірінің ең айшықты оқиғаларының бірегейі – елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының бой көтергені. Барша қазақстандықтардың мақтанышына айналған бас қаламыз, шын мәнінде, Отанымыздың жүрегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналып отыр.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Есіл ауданы – Тәуелсіздік айнасы» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге бас шаһардың өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қоғам қайраткерлері қатысып, сөз сөйледі. Атап айтқанда, Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы



Сансызбай Есілов, кино және театр әртісі Меруерт Қаратайқызы Өтекешева және т.б. Дөңгелек үстел барысында Есіл ауданының әкімі Берік Жәкенов ауданның кеше мен бүгін туралы айтқанда: «Бәріңізге белгілі, биыл Отанымыз Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы кең аталып өтілуде. Бұл айтулы датаға «Есіл» ауданы айтарлықтай жетістіктермен келіп отыр. 2008 жылы құрылған ауданымыз адам танымастай өзі ерді. 2008 жылы ауданымызда 64,5 мың адам болса, қазіргі күні 321 мыңдай адам тұрады. Қазіргі күні «Есіл» ауданы Қазақстан Республикасының әкімшілік-іскерлік орталығына айналды», – деп атап өтті.

«Арман қала» фотокөрмесі «Есіл» аудандық әкімдігінің ұйымдастыруымен, қолдауымен өтті. Көрмеде бас қаланың өткені мен бүгінгісі жайлы сыр шертетін 91 фотосурет қойылған. Суреттер санының 91 болу себебі: фотосуретші Талғат Тұрғанбайұлы бұл туындыларын 1991 жылы жарияланған ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнағанын айтып өтті. Фотокөрмеде елорданың алғашқы жылдардағы және бүгінгі күнгі бейнесі, қала тарихы, әдемі ғимараттардың салыну сәті мен қазіргі бейнелерін салыстыра ұсынған суреттерден көруге болады.

Қазақ ұлттық өнер университетінің ұстазы ұсынған бұл фотокөрме Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тамаша тарту болды.

«Шабьт»  
журналының редакциясы.



## ФОТОКӨРМЕ «АРМАН ҚАЛА»


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ  
30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ТАЙШАНОВ ТАЛҒАТ ТҰРҒАНБАЙҰЛЫНЫҢ  
«АРМАН ҚАЛА» АТТЫ ФОТОКӨРМЕСІ

ТАЙШАНОВ  
ТАЛҒАТ ТҰРҒАНБАЙҰЛЫ

КИНООПЕРАТОР, ФОТОСУРЕТШІ  
ТМД ЕЛДЕРІ ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИО ЕУРАЗИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР МЕН ҒЫЛЫМ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ  
ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ  
КАЗҰӨУ, «КИНОВНЕР ЖӘНЕ ТЕЛЕВИЗИЯ» ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДОЦЕНТІ



ӨТКІЗУ ОРНЫ:  
НҮР-СУЛТАН Қ., «БӘЙТЕРЕК» МОНУМЕНТІ АЛАҢ, «НҮРЖОЛ» ЖЕЛЕК ЖОЛЫ  
ӨТКІЗУ КҮНІ: 24 ҚАРАША  
САҒАТ 12.30-ДА












*Талғат Тайшыпов: «АРМАН ҚАЛА»*

30

ЖЕТ НЕЗАВИСИМОСТІ  
ҚАЗАҒСТАН



Кафедра «Музыковедение»

День Независимости – это главный национальный праздник Республики Казахстан. 16 декабря 1991 года становится датой традиционного празднования независимости нашей страны как суверенного государства.

В 2021 год мы отмечаем 30-летие Независимости Республики Казахстан. За этот период страна добилась своего широкомасштабного развития, а также международной известности благодаря достижениям в социально-экономической, политической, культурной и других сферах.

На сегодняшний день в честь 30-летия независимости Казахским национальным университетом искусств было проведено большое количество мероприятий. Это I Международный конкурс хоровой аранжировки имени Кенеса Дуйсекеева, I Международный фестиваль-конкурс фортепианных ансамблей и XXIV Международный конкурс творческой молодежи «Шабьт» и др. Мы гордимся тем, что наши творческие коллективы и педагоги, отмечая подобные события, вносят очередной вклад в развитие и продвижение культуры Казахстана.

Студенты, исполняя сочинения отечественных композиторов не только в стенах учебного заведения, но и в зарубежных странах, успешно представляют наш университет и Казахстан в целом. Ведь преподаватели КазНУИ за долгое время обучили и воспитали не одно поколение талантливых музыкантов, искусствоведов, педагогов и других специалистов в области искусства и культуры.

Неоценим и вклад преподавателей кафедры музыковедения и композиции в продвижении национальной музыкальной культуры. Музыковедами написаны статьи, монографии, методические пособия. Особенно выделяются статьи о значительных культурных событиях и мероприятиях города и страны, появившиеся на страницах газет и журналов. Например, только в газете «Казахстанская правда» доктором искусствоведения, профессором Умитжан Рахметуллиной Джумаковой опубликованы статьи «Французская история», «И снова браво, «Қыз Жібек»!», «Звуковой мир тюркских музыкальных инструментов»; кандидатом искусствоведения Гульнаррой Жанабегеновой Кузбаковой –

«Хорошо смеялся тот, кто побывал на премьере», «Astana Opera: загадки Турандот»; кандидатом искусствоведения Диной Маратовной Мосиенко – «Свет души Саиды», «Музыкальные диалоги», «От Вивальди до Пьяццоллы», кандидатом искусствоведения Малдыбаевой Раушан Сабыржановной – «Музыка вне времени и ограничений» и т.д.

Знаменательным событием для кафедры этого года стала презентация трех книг кандидата искусствоведения Айгуль Кыдыргалиевна Байбек. Это монография «Песенный канон и индивидуальности стилистически-профессиональной лирики Арки», учебные пособия «Трансляция песенной традиции в современном обучении профессиональных музыкантов» и «Заманауи музыкалық білім беру жүйесінде ән дәстүрін трансляциялау».



Ещё одно важное событие этого года для всей кафедры – победа студентки 3 курса специальности «Музыковедение» Садуакасовой Инкар: она стала обладательницей стипендии Фонда Первого Президента Республики Казахстан.



Композиторами кафедры музыковедения и композиции написано большое количество сочинений. Одной из ярких премьер стала музыкальная сказка «Волшебная птица Самрук» кандидата искусствоведения Алиби Куттымбетовича Абдинурова. Спектакль прошел с успехом этой осенью в театре «Астана Опера».



Для выявления и поддержки молодых дарований и повышения профессионального уровня композиторы кафедры ежегодно проводят конкурсы. Так, декан факультета «Музыковедение и фортепиано» Дмитрий Валерьевич Останькович организует ежегодный Международный конкурс композиторов «Самал», а Рахат-би Абдысагин – Международный конкурс композиторов «New music generation».

В этом году организаторы III Международного конкурса композиторов «New Music Generation 2021» получили 213 партитур из 35 стран мира, что свидетельствует о большом интересе к мероприятию.



МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ФКУ «КАЗАХСКОЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ»  
Кафедра «Музыковедение и Музыкальная педагогика»

30 ЖЫЛ

26-30  
АПРЕЛЯ

IV

МЕЖДУНАРОДНЫЙ  
ОНЛАЙН КОНКУРС  
МОЛОДЫХ КОМПОЗИТОРОВ

«Самал»

КОНКУРС МОЛОДЫХ КОМПОЗИТОРОВ

Конкурс посвящен  
30-летию Независимости Республики Казахстан и  
175-летию юбилею казахского поэта-эпика Дамбыла Дабасса

Информация об онлайн конкурсе: сайт www.kazakharts.edu.kz  
Время проведения: с 26 АПРЕЛЯ 2021 года  
по международному времени (UTC+6)

Ректор Казахского национального университета искусств, народная артистка КазССР «Қазақстанның Еңбек Ері», профессор Айман Кожабековна Мусахаджаева отметила особую роль университета: «Я думаю, наш университет можно смело назвать университетом звезд. Многие выпускники стали управленцами в акиматах, возглавляют музыкальные колледжи, создают культурные центры в Европе. За 30 лет независимости мы достигли и в образовании, и в культуре больших вершин. И то, что у нас есть университет, который готовит такие кадры, – это большая победа для Казахстана». Поздравляем преподавателей и студентов с 30-летием Независимости Республики Казахстан и желаем всем новых творческих достижений!

*Студенты 4 курса специальности «Музыковедение»*

«ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІ – ӨНЕРІМНІҢ ӨРКЕНІ»  
«ПРОЦВЕТАНИЕ ИСКУССТВА – БУДУЩЕЕ СТРАНЫ»

30  
ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ  
КАЗАХСТАН



## Художественный факультет

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ



Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҚ  
МУЗЕЙІ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ  
КӨРКЕМӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің  
30 жылдығына арналған жас суретшілер көрмесі

КӨРМЕ | ВЫСТАВКА

## ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІ - ӨНЕРІМНІҢ ӨРКЕНІ

«ПРОЦВЕТАНИЕ ИСКУССТВА -  
БУДУЩЕЕ СТРАНЫ»

«THE FUTURE OF THE COUNTRY -  
THE PROSPERITY OF ART»

| EXHIBITION

30 | 11 | 2021 | 16.00

Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік к., 54, ҚР Ұлттық музейі  
г. Нур-Султан, ул. Тәуелсіздік, 54, Национальный музей РК  
Nur-Sultan, Tselisizdik av. 54, National museum of RK

30 ноября 2021 года в Национальном музее РК в рамках празднования 30-летия Независимости Республики Казахстан прошло открытие выставки Художественного факультета Казахского национального университета искусств, под названием «Елімнің ертеңі – өнерімнің өркені» («Процветание искусства – будущее страны»).

В экспозиции выставки, которая продлится до середины 2022 года представлены около 300 избранных произведений живописи, графики, скульптуры, сценографии и дизайна студентов, магистрантов и выпускников школы, колледжа, а также бакалавриата и магистратуры Художественного факультета КазНУИ. Многоплановая экспозиция, в которой можно увидеть творения молодых художников в разных жанрах и стилях изобразительного искусства, как живопись, графика, скульптура, сценография, декоративно-прикладное искусство и дизайн представляет взгляд молодежи на прошлое, настоящее и будущее страны и перекликается с целями и задачами национального проекта «Ұлттық рухани жаңғыру».

Организаторами выставки являются – декан Художественного факультета Г.С.Мухтарова, заведующий кафедры «Живопись и скульптура» А.С.Смагулов, заведующий кафедры «Сценография и декоративное искусство» А.А.Токсанова, заведующая ПЦК «Изобразительное искусство» колледжа КазНУИ А.М.Джумагалиева.

На открытии выставки выступили научный секретарь Национального музея РК Саялбек Гиззатов, проректор по научной работе КазНУИ, профессор Тойжан Жылкайдаровна Егинбаева, профессор кафедры «Живопись и скульптура» Байконыр Ижанов, а также Председатель Союза Художников РК в г.Нур-Султан Умиралы Исмаилов.



*На фото: доцент Художественного факультета, профессор Б.И.Ижанов, проректор по научной работе КазНУИ, профессор Т.Ж.Егинбаева, научный секретарь Национального музея РК Саялбек Гиззатов.*



На фото: картина Ризахмет Даудетбаева «Уайымсыз уақыт» – «Беззаботное время».



*На фото: картина Батырбека Сакмаганова  
«Кұрақ көрпе» – «Лоскутное одеяло»*



В рамках открытия выставки состоялся показ-дефиле коллекций одежды в стиле этно и неофолк, созданных выпускниками специализаций «Дизайн одежды» и «Сценография костюма театра, кино и ТВ», являющихся Лауреатами многих международных и Республиканских конкурсов и фестивалей в области моды – Гульнур Амировой, Айзады Аманжоловой, Инкар Мухтар и других. Дефиле прошло под аккомпанемент жетыгена в исполнении студентки Бекзады Самиголлы. На выставке были представлены произведения Лауреатов молодежной премии «Дарын» Аскара Нурболат, Сырыма Мүсеріп, Асель Кемельбаевой, Лауреата Фонда Первого Президента -Елбасы Айданы Кулахметовой, а также Лауреатов Гран-При и призовых мест Международных фестивалей, прошедших в Италии, Чехии, России, а также нынешних студентов факультета.

На протяжении выставки перед гостями выступил студенческий ансамбль КазНУИ «Сырлы саз» под руководством декана факультета «Традиционное музыкальное искусство» Марата Нукеева, они исполнили кюи и мотивы казахской народной музыки, а также произведения современных композиторов. Примечательным является тот факт, что все участники выставки, художники, дизайнеры, модели, музыканты являются студентами КазНУИ. Выставка стала настоящим событием и стимулом для молодежи в признании их творческих достижений.

*Г.С.Мухтарова,  
декан Художественного факультета,  
кандидат философских наук.*



# ФОТОРЕПОРТАЖ



# ФОТОРЕПОРТАЖ






# Құттықтаймыз!

ҚазҰӨУ колледжінің «Сценография, сәндік өнер, кескіндеме және мүсін» ПЦК студенті Ахметжан Гүлназ тәжірибелі ұстаз Маханбетжанова Гүлнардың жетекшілігімен «Welcome to Qazaqstan» I-ші Халықаралық шығармашылық байқауының «Тәуелсіздікке шашу» номинациясы бойынша ГРАН-ПРИ дипломын жеңіп алды.



Байқауды «Nur alem zhuldyzy» Халықаралық шығармашылық бірлестігі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру. Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды.



## «Қаныш. Қазына» телехикаясы



*Қаныш Имантайұлы Сәтбаев  
1899–1964*



*Фотода: Ұстазымыз әрі фильмнің қоюшы-суретшісі М.Р.Иманберген жұмыс үстінде*

2021 жылдың 28 шілде мен 15 қыркүйек аралығында «Qazaqstan» ұлттық арнасының тапсырысымен «Araу Media Group» студиясының орындауымен және өнертану ғылымдарының кандидаты Айгүл Байбектің продюсерлігімен Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик, қазақтың заңғар тұлғасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы «Қаныш. Қазына» ғұмырнамалық драма жанрындағы 6 сериялы телехикаясының түсірілімі болды.

«Қаныш. Қазына» телехикаясының түсірілімінде болған жұмыс тобының мүшелері барлығы дерлік Қазақ ұлттық өнер университетінің кино өнері бойынша оқытушылар құрамы, студенттері және түлектері болды.

Бұл фильмнің режиссері: Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, белгілі режиссер Ерлан Маратұлы Нұрмұхамбет. Қоюшы-операторы: Аян Базылбек. Қоюшы-суретші: Марат Рақышұлы Иманберген. Сценарийдің авторлары: Әмір Әменов, Ален Рахметалиев. Телехикаяның редакторлары: Сәкен Нөгербек, Ұларбек Нұрғалымұлы. Сценарий Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірбаяны мен Медеу Сәрсекке, Алексей Брагин, Шәмшиябану Сәтбаеваның еңбектеріне негізделіп жазылған. Кастинг-директор: Жанар Төлеген.

Телехикая кейіпкерлерін таңдау, әр рөлдің адамына сай келетін тұлғаны табу да үлкен жұмыс.





*Фотода: Қарсақбай ауылына барған түсірілім алаңынан көрініс.*

Оқиға 1926 жылы Томск техникалық университетінің түлегі 27 жасар Қаныштың Жусалы станциясына келуінен басталады. Түйемен жеті күннің ішінде жартылай құмды жер Қарсақбайға келіп, Қаныштың осы аймақта 1940 жылға дейін геологиялық бөлімнің басшысы болғандығы, әріптестерімен бірге «көшпенділерден» кәсіби геолог дайындағаны, Қазақстан жеріндегі су қоймасы, теміржолы бар ең бай пайдалы қазбалар инфрақұрылымын жасағандығы туралы сөз етіледі. Жалпы телехикая ішіндегі негізгі әрекеттер, түсірілімдер Қаныш ағамыздың балалық шағы мен жасгық шағы өткен туған өлкесі Баянауылда, одан кейін Қарсақбай поселкесінде, Қ.И.Сәтбаев геологтармен бірге аймақты зерттеп, жер бұрғылаған ауылдарда, шахталарда өтті. Телехикаяның кейбір бөлігіндегі Мәскеу кабинеттерінде өтетін түсірілімдер біздің Қазақ

ұлттық өнер университетінің оқу студиясында түсірілді. Бұл жобада біз қоюшы-суретшіге көмекші қызметін атқардық. Біз үшін бұл телехикая түсіріліміне қатысу баға жетпес тәжірибе алаңы болды. Ұлы адам, аңыз адам Қаныш ағамыз туралы телехикая түсірілімі барысында 1926-1940 жылдар кезеңіндегі жиһаздарды дайындау, түсірілім аландарын әзірлеу, реквизиттер жинау, жалпы кино түсіру неден басталатынын, оқылым (читка) кезеңінен бастап, жұмыстың кезеңдермен қалай жүретінін, сценариймен толық танысып, кадрларды бейнелеу (раскадровка) жасау, тағы сол сияқты көптеген өзімізге маман ретінде қажет болатын ақпараттар алдық.

Жалпы, бізге ұстазымыз Марат Рақышұлы фильм туралы, оның 3 ай бойы сыртта, далалық жерде түсірілетіні туралы, алдын ала ескертіп, кеңесін беріп, жобаға қалай дайындық жасау керектігін түсіндіріп, шеберлік сабақтарын өткізді. Түсірілім басталған алғашқы күндері локациялардың тізімін көріп, әртүрлі ойға түсіп уайымдағанмыз рас, олардың саны елуден астам болды. Олар әр жерде, ауыл ішінде, жазық далада, төбеде, өзен жағасында жасалатын болды. Бірінші локация жасалып, түсірілім басталған соң, бар ойымыз тек осы жобада болды. Таң атысымен Марат ағай кімді қайда жібереді, не істейміз деген ойлар ғана келетін басымызға. Сол үш айдың ішінде, түрлі сезімдерді сезіндік, сәтті жұмыстарға қуандық, жасалуы қиын болатын жұмыстарды уайымдадық та, қалай шығар екен? – деп қорықтық та...

Біз үшін жауапкершілігі үлкен жоба болды. Қасымызда бірге басшылық жасап, осындай үлкен жобада қоюшы-суретші жұмысын атқарған ардақты да, өз ісінің шебері, ұстазымыз Марат ағайымыздың және білікті, тәжірибелі ағалардың ақыл-кеңестері мен көмектерінің арқасында бәрі ойдағыдай өтті.

Біз осы жобалағы үш айда біраз шындалдық, тәжірибе мен білім алдық, өзіміз жасап көрдік, жаңа жерлерді көріп саяхаттадық, үйрене жүріп, табыс таптық, көптеген жаңа адамдармен таныстық. Курстастарым Сәбит Әлішер, Махамбет Бекзат және өзімнің атымнан осы жобаға қатысуға мүмкіндік берген Марат ағайға, университет басшылығына үлкен алғысымызды білдіреміз. Шығармашылық табыстар тілейміз.


Телехикая 2021 жылдың желтоқсан айында көрерменге ұсынылады деп жоспарланып отыр. Телехикаяны көруге өзіміз де асығып жүрміз. Көрермендер тарапынан өз бағасын алады деп сенеміз.



*Фотода. Кеңесары ханның жорыққа аттанарда қалдырып кеткен тасының көшірмесін жасау сәті.*



*Нұрасыл Жүкен, Сценография және сәндік өнер кафедрасы. Кино және телевизия суретшісі мамандығы, 3 курс*






## САХНА ТӨРІ КИЕЛІ

(Қарағанды қаласында өткен Әшірбек Сығай атындағы республикалық «Сын – шын болсын» атты театр фестивалі туралы)



Қарағанды қаласында 11-16 қазан аралығында сынның сардары Әшірбек Сығай атындағы республикалық «Сын – шын болсын!» атты театр фестивалі өтті. Салтанатты ашылудан бұрын фестиваль шеңберінде жоспарланған ойлар жайлы БАҚ өкілдерімен конференция жүргізілді. Конференция барысында фестивальдің мақсат-міндеттері жайлы қойылған сұрақтарға қазылар алқасының өкілдері мен фестивальдің құрметті қонағы Т.Жаманқұлов жауап берді. Қазылар алқасы құрамына жеті адам кірді. Олар: Қазақстанның

Халық артисі, профессор, 2011 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актері –Тілектес Мейрамов, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі – Кеңес Жұмабеков, Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің мүшесі, өнертану кандидаты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Театр өнері» бөлімінің меңгерушісі – Аманкелді Мұқан, Е.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының



оқытушысы, өнертану ғылымдарының докторы, профессор, театр сыншысы – Бакыт Нұрпейіс, Халықаралық театр сыншылар бірлестігінің төрайымы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, профессор – Анар Еркебай, Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің мүшесі, өнертану ғылымдарының магистрі, Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы – Айзат Қадыралиева, Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының көркем әдебиет және ғылыми қор бөлімінің меңгерушісі, өнертану магистрі – Мираc Әбіл болды. Фестивальде он бес спектакль бақ сынады. Олар: қарағандылық С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры «Электра», Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры «Найзағай», Мемлекеттік қуыршақ театры «Ромео мен Джульетта», Жастар театры «Таптым. Ғашық болдым. Жоғалттым», Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры «Қорғансыздың күні», Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театры «Qora Z», С.Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры «Толық адам», Ақмола облыстық орыс драма театры «Река потудань», «Дариғай» жастар театры «Ғажайып трагедиясы», Ф.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры «Құлагер», Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Қыз Жібек», С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры «Мен ішпеген у бар ма?», І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры «Кіпкентай адамның үлкен трагедиясы», Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театры «Балалық шаққа саяхат», К.С.Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры «Навстречу мечте». Әр театр өз деңгейінде фестивальге сай деп әкелінген спектакльдерін қойды. Жоғарғы дәрежедегі режиссерлік жұмыспен мықты актерлік шеберлікті параллель

ұстанған спектакльдерді де, өкінішке орай, фестивальге сай емес қойылымдарды да, әлсіз режиссура мен актерлік шеберлікті де көрдік. Жасыраны жоқ, жезқазғандық С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының «Мен ішпеген у бар ма?» және С.Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры «Толық адам», Жастар театры «Таптым. Ғашық болдым. Жоғалттым» секілді спектакльдердің фестиваль аясында көрсетілетін деңгейде емес екенін қатаң түрде атап өтілді. Көрермендер мен комиссия мүшелерінің ойы бір жерден шығып, бұл қойылым емес, композиция, көрініс ретінде қабылданды. Алдағы уақытта болатын театр фестивальдеріне мықты дайындықпен, көргенде, көзің тояр спектакльдермен келеріне сеніміміз мол. Фестивальдің басты мақсаты да



Фотода: Әшірбек Сығайдың жан жары  
Күләш Дулатқызы.

сол емес пе?!

Театр деңгейін республика көлемінде анықтау, сыни пікірлер тоғысып, театр ұжымдарының биікке самғауына көмек беру. «Сын түзелмей – мін түзелмес» дегендей, фестиваль барысында айтылған барша ойларды, пікірлерді саралай отырып, театр ұжымы дұрыс шешімдер қабылдайды деген үміт бар. Ұсыныс ретінде айтарымыз – алдағы уақытта фестивальді ұйымдастырушылар репертуардағы қойылымдарды таңдауда қатаң түрде іріктеуден өткізілсе екен.



Енді өзімнің ойымды, студенттік көзқарасымды қысқаша айтайын. Өзге қалалардан жиылған артистер, театр басшылары мен көркемдік жетекшілері қызыл кілемнен өтіп, С.Сейфуллин атындағы театр ғимаратының төріне жайғасты. Әр күннің нәтижесі ретінде спектакльдерді тамашалап болғаннан кейін қазылар алқасының сын-пікірін театр ұжымы тыңдады. Осы тұста айта кетейік, санаулы уақыттың ішінде барлық кемшіліктер мен жетістіктерді қазылар алқасының саны көптігінен айтып жеткізуге мүмкіндік аз болса да, топшылап айтылған негізгі ойлар театр ұжымдарын ойландырмай қоймайды деген ойдамыз. Күніне үш қойылымнан тамашалап, оны талдауға түсіру қазылар алқасы үшін қиынға соқты. Талқылау былай тұрсын, жай көрермен ретінде өзімізге үш спектакль көру ауыр тигені жасырын емес.

Фестивальдің шымылдығын қарағандылық С.Сейфуллин театры Л.Дюрконың «Электра» спектаклімен сәтті ашты.

Фестиваль төріне өзіндік энергиясымен, шабытымен, өнерімен кіріп келген алматылық Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрын

ерекше атап өту қажет. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар «Құлагер» шығармасы белгілі. Жүйріктің тағдырын ерекше сахналаған Ф.Молдағалидің режиссерлігімен қойылған «Құлагер» soundramасы қазылар алқасы мен көрермен қауымның үлкен ықыласына шексіз бөленді.

Спектакльдің темпоритмі жоғарылап, көрермен қауымды елең еткізер тұсы – бәйге сахнасы. Әрекет пен музыканың үндестігі, аттардың шабысы, әуезді әндер, дауыс ырғақтар режиссердің жоғарғы талғамын паш еткізді.

Рөлге актерді дұрыс таңдау жағынан да қателеспеген. Құлагерді бейнелеген Мақсат Сәбитов пен Көктұйғынды кескіндеген – Ерлан Кәрібаев рөлдерін ерекше атап өтуге болады. Киелі жануардың шабысын, мінезін, көрсетуге барын салған партнерлік жұмыс сәтті шыққан.

Шымылдық ашылысымен көзге түскен Қанаттының рөлі (актриса Гүлбахрам Байбосынова) мен қарт Ақанның бейнесі (Сағат Жылгелдиев) көрерменді елең еткізді. Қанатты спектакль басы мен аяғында өзінің түрлі дауыс ырғағымен көрерменді болып жатқан оқиғаға

әсерлене тамашалауына үлкен ықпалын тигізе отырып, өз рөліне аса берілгені байқалады. Ақанның ішкі толғанысы, жан сырын актер рөлінен сезіне алдық.

Қойылымды ұлттық аспаптармен сүйемелдеген топтың жұмысы зор. Жанды дауыста «Шырмауық», «Маңмаңгер» секілді әндерді орындаған театрдың актері – Ерден Жақсыбектің де еңбегі ерен. Ақанның мұнды сезімін жеткізетін бұл әуендерді орындағанда, жүрек тыным таппай қалады. Дәстүрге бай, әдемі актерлік шеберлік, мықты көпшілік сахнамен Құлагердің казак сахнасындағы шабысы ұзаққа барары сөзсіз және осы тілектің үстіндеміз. Нәтижесінде көпшіліктің көңілінен шыққан «Құлагер» қойылымы ГРАН-ПРИ жүлдесінің иегері атанды.

Қазак театрына жана бағытты әкелген режиссер Әлібек Өмірбекұлының «Qora Z» трагикомедиясы фестивалде өз алдына бір төбе болғаны сөзсіз. Жас та болса, дарынды, шығармашыл жан Әлібек бұл спектаклінде бүгінгі заман мәселесін көтеріп, өзіндік ойын еркін жеткізді. Өмірде болып жатқан, кішкентай «трагедияға» толы мәселелерді, қарапайым диалогтардың астарында жатқан



*Фотода:*

*Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры ұсынған «Қорғансыздың күні» (М.Әуезов) спектаклінен көрініс.*

үлкен мағынаны көрермен қауымға түсінікті тілде жеткізе білді. Прототип ретінде берілген, соның ішінде министрлер, король, екінші король, саудагер сияқты кейіпкерлер ойын актерлер өз ойынымен сахнада көрсетіп жатқанымен де, көрушінің түсініктері екі тарапқа бөлініп жатты, яғни көрермендердің спектакльді қабылдамағанын байқадық. Жаңа бағыттағы қойылымға барша халықтың ойларының тоғыспауы, әрине, заңдылық. Театр – адамды эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелейтін құрал деп білеміз. Бұл қойылымның кемшілігі, бәлкім, қанның, негативтің көп болуы шығар. Қарапайым көрерменнің спектакльді қабылдай алмау себебі де осыдан деп білеміз. Шындыққа жанасатын ойларымен сахналанған қойылымды саралап, әлі де көрерменге түсінікті тілде қояр деп ойлаймыз. Театр актерлерінің сахнада көсіліп, еркін ойнауы да спектакльдің сәтті шығуына үлкен дем бергендей. Режиссердің актерлермен жеке-жеке жұмыс жасағаны байқалады. Актерлік ұжым бірлескен шығармашылық жұмыс деңгейін көрсетіп, жақсы нәтижеге қол жеткізілгенін көрдік. Фестиваль соңында Ж.Шанин театры жүлделі II орынға ие болды және «Әшірбек Сығай шәкірттерінің тәуелсіз жүлдесімен» марапатталды.

Фестивальде ерекше атап өтетін тағы бір спектакль – Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының «Қорғансыздың күні». Ф.Молдағали режиссерлік еткен бұл спектакльде театр труппасы бірлесіп, сәтті туындыны жарыққа шығарғандары көз қуантты. М.Әуезовтің қыз тағдыры, әйел өмірінің қиыншылықтарын бейнелеген прозалық туындылары қазақ театр сахнасында бұрыннан сахналанып жүргені мәлім. Әрдайым өзекті, өлмейтін, мәңгілік идеяны Талдықорған театры өзгеше сахналады. Режиссерлік жұмысындағы нақты шешімдері, сахна безендіруі елең еткізді.

Қойылым барысында кішкентай Ғазизаның әкесі тірі кезінде отбасымен бақытты, шаттыққа толы өмірінен хабар аламыз. Әжесінің (Алмахан Кенжебекова) домбырада сүйемелдеуі, әлди әнін айтуы, отбасының бақытты шақтарын бейнелейді. Кейіннен әкесі қайтыс болғаннан кейінгі Ғазизаның ішкі мұңы, өмірлік қиыншылықтары айқындала бастайды. Уақиға қыс мезгілінде орын алғандықтан, сахнадан қарлы боранның болуы, суық аязды көрсету арқылы өзіндік суық сезімді білдірді. Қармен арпалысқан Ғазизаның мұңлы

сәті өзіне сендіріп, сол оқиғаның маңында жүргендей сезімге бөледі.

Актерлік ойында – автордың айтатын ойын халық, ауыл әйелдерінің сөзімен жеткізуі спектакльдің ерекше атап өтетін тұсы болды. Ауыл әйелдерінің жоқтау сахнасы жүрек тебірентсе, артынша әйелдердің өсек-әңгімелеріне ұласуы ұтымды. Ғазизаның көңілсіз отырғанын көрген әйелдер оның көңілін көтермекші болғандағы сәті күлкі тудырумен қатар Ғазизаның ішінен әлі де ойынының қызуы кете қоймаған жас бала кейіпін бейнелейді.

Ақан мен Қалтай рөлдері де ашық бейнеленген. Зорлық-зомбылық сахнасында кейіпкердің (Ақанның) киімдерін біртіндеп шешіп жатқаны, дыбыстық эффектпен қатар аса сұмдық істің болып жатқанын айғақтады. Ақанның осы тұста нәпсіқұмар, аяушылықты білмейтін, топас һәм пасық мінезін (актер Ерлік Қалибек) нақты көрсете білді.

Ақанның оң қолы, оған тәуелді болып, қас-қабағына қарап, көлеңкесінде жүрген Қалтай (актер Еркебұлан Айдымбаев) рөлін де атап өтсек, Ақанның жағдайын жасап, Ғазизаны жеке шығарып, пресстелген шөптің арасына қамап, кейіннен өкінген сыңай танытқанын актер ойынының шешімінен аңғаруға болады. Кейіпкердің мінез-құлқы ашылып, көрермен қауымға түсінікті болды.

Сонымен қатар басты кейіпкер Ғазизаны жас актриса Әмина Ержанованың ойынында кемшін тұстары жоқ емес. Актриса әлі де өз рөлімен жұмыс жасау арқылы басты кейіпкердің мінез-құлқын одан сайын аша түсеріне сенеміз.

Балалық шақ – адам өмірінде қайталанып келмейтін бағалы шақ. Мұны неге айтып отырмыз, Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театрының «Балалық шаққа саяхат» спектаклін тамашалап, осы бағалы шаққа саяхат жасап қайттық. Бұл қойылымның мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер үшін маңызы зор. Қойылымда сәтті актерлік ізденістер бар. Басты рөлдегі Беркеннің (актер Рахат Жұмаханов) сырт бітімі, сөйлеу мәнері кейіпкерінің мінез-болмысын ашып тұр. Спектакльдің өрбуі осы актердің ойынымен жанданып тұрғаны бек аян, яғни бұл актердің рөлін жіті түсініп, зерттеп, бала кейіпін жасаудағы сәтті жұмысының белгісі деуге әбден

келеді. Сонымен қатар сары қызды нұскалаған актриса Еркежан Төлеубек пен Беркен арасындағы партнерлік диалогтың қызықты әрі сенгіш сәт болғанын атап өтсек болады. Екі актер де бала кескінін шынайы, сондай пәк сезіммен көрерменге жеткізе білді. Соның нәтижесінде «Үздік эпизодтық роль» номинациясы бойынша Еркежан Төлеубек марапатталды.

Сонымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті театр сыншысы Әшірбек Сығай атындағы «Сын – шын болсын!» республикалық театрлар фестивалі өз мәресіне жетті. Фестивальді ұйымдастырған Қарағанды қалалық С.Сейфуллин атындағы академиялық казак драма театрының басшылығына алғысымыз шексіз. Бұл фестиваль екі жылда бір рет жанданып отырмақ ниетте екенін естідік. Солай боларына сенейік...!



*Бақжанар Толқынбекқызы,  
Қазақ ұлттық өнер университеті  
«Театртану» мамандығының 3-курс  
студенті*



2021 жылы Қазақ ұлттық өнер университетінің ғана емес, еліміз бойынша музыкалық білім беретін жоғары оқу орындарының арасындағы үлкен жаңалық – «YAMANA» компаниясының өнімі – «Disklavier» заманауи аспабына қол жеткізуіміз болды. Бұл, тіпті, Қазақстан ғана емес, Орта Азия аумағындағы тұңғыш «Disklavier» болуымен маңызды. Ол туралы журналымыздың наурыз айындағы санында жазғанбыз.

Енді жаңа жыл қарсаңында, яғни желтоқсан айының 24-күні «Рождество концерті» атты шара «Disklavier» аудиториясында өтті. Бұл шараға Жапонияның Kurashiki Sakujo University, Ресейден Мәскеудегі П.И.Чайковский атындағы Халықаралық конкурс лауреаттарының ассоциациясы мен Қиыр Шығыс өнер институтының (Ресей, Владивосток) және Қазақ ұлттық өнер университетінің басшылары, педагогтары, студенттері қатысты.

Бұл zoom байланысы арқылы өткен ерекше кездесуде әр елдің білім алушы жастары өнерлерін көрсетті. Біздің университеттің атынан IV курс студенті, сопрано Фируза Рахметова И.Штраустың «Жарғанат» опереттасынан Адели куплеттерін («Mein Herr Marquis», фортепианода сүйемелдеуші Л.Сеитова), «Минск-2021» Халықаралық пианистер конкурсының дипломанты, IV курс студенті Зарина Ақаева «Фортепианоға арналған Сонаталарды» (ұстазы С.Асаубаева) орындады.

Жапониядан Айри Кавано, Аю Ватанабэ, Қиыр Шығыстан И.Кулиговский, А.Горожин, Мәскеуден қытайлық Шао Цзыюй, Екатерина Лакеева, Святослав Оводов өз өнерлерін көрсетті.

Disklavier аудиториясында өткен бұл ерекше шараға ректор А.Қ.Мусахаджаева және шетелдік өнер майталмандары қатысып, өз ойларын білдірді. Музыкалық білім беру саласында әлемдік ауқымдағы заманауи байланыстың өркендей беретініне сеніміміз зор.



*«Шабьт» журналының редакциясы*

Участники рождественского концерта 24 декабря 2021 года:

Kurashiki Sakuyo University (Курасики, Япония)  
Казахский национальный университет искусств (Нур-Султан, Казахстан)  
Дальневосточный государственный институт искусств (Владивосток, Россия)  
Ассоциация Лауреатов Международного конкурса им. П.И. Чайковского (Москва, Россия)

**Программа концерта (московское время):**

9:30 – тестовое включение

(соединение по zoom, актуальная ссылка конференции будет выслана утром)

10:00 – открытие концерта, приветственное слово.

10:15 – Курасики, Япония

1. *А. Скрябин. 5 прелюдий (№ 5, 6, 13, 22, 14) op. 11.*  
Исп. Айри Кавано (аспирантура, I курс. Класс доцента Дмитрия Людкова)
2. *А. Розенблатт. Концертино на две русские темы*  
Исп. Аю Ватанабэ (II курс, класс проф. Александра Вершинина)  
и Юко Фудзимото (фортепиано в 4 руки)

10:30 – Владивосток, Россия

1. *Ф. Шопен. Ноктюрн As-dur, op. 32 № 2.*  
Исполняет Кулиговский Иван Сергеевич, преподаватель кафедры фортепиано  
Дальневосточного государственного института искусств, лауреат международных  
конкурсов.
2. *П. Брамс. Равнодия h-moll, op. 79 № 1.*  
Исполняет Горожин Алексей (I курс кафедры фортепиано, класс доцента Елены  
Котельниковой).

10:45 – Нур-Султан, Казахстан

1. *П. Штраус. Куплеты Адели («Mein Herr Marquis») из оперетты «Летучая мышь»*  
Исп. Рахметова Фируза (студентка IV курса, сопрано). Партия ф-но – Ляйла Сеитова.
2. *А. Серкебаева. Финал Сонаты для фортепиано*  
Исп. Акаева Зарина (Дипломант Международного конкурса пианистов «Минск-2021», IV  
курс кафедры фортепиано, класс проф. Сары Асабаевой).

11:00 – Москва, Россия

1. *П. Чайковский. Думка*  
Исп. Шао Цзыюй (участник из Китая). Московская средняя специальная музыкальная  
школа им. Гнесиных, 4 класс (преподаватель – Заслуженный работник культуры РФ Елена  
Берёзкина).
2. *Ф. Мендельсон. Две Песни без слов, op. 67, №32, 34*  
Исп. Екатерина Лакеева. Московская средняя специальная музыкальная школа им.  
Гнесиных, 2 класс (преподаватель – Заслуженный работник культуры РФ Елена Берёзкина).
3. *Святослав Оводов. «Сюрприз на Рождество» – авторская импровизация на темы  
Рождественских песен.*  
Композитор, лауреат международных конкурсов, преподаватель Академии «Чайковский».

11:15 – поздравления, закрытие концерта





## ***РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРЕМІЗ!***

2021 жылы «Шабыт» журналының 8 шығарылымы жарық көрді. Журналымыздың әр жаңа туындысын әзірлеу барысында қолдау көрсеткен университетіміздің ректоры, «Қазақстанның Еңбек Ері», профессор **Айман Қожабекқызы Мусахаджаеваға**.

«Кинооператорлық өнер және дыбыс режиссура» кафедрасының ұжымына,


«Shabyt channel» ұжымына және оның басшысы **Баян Құрмашқызы Мұқышеваға**.


Кітапхана ұжымына,

сонымен қатар мақала жазып, бізбен бірге болған авторларымызға, басқа да әріптестерімізге шынайы көңілімізден ризашылығымызды білдіреміз. Жаңа жылда еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, қазақ өнерінің абыройы асқақтай берсін.

Шың армашылық табыстар тілейміз. Амандық тілейміз!

*«Шабыт» журналының редакциясы.*



QAZAQSTAN 

[www.qazaqstan.tv](http://www.qazaqstan.tv)

**БІЗДІҢ  
СТУДЕНТ**

**Құралай  
Мейірамбек**

  
**Qazaqstan  
Дауысы**

**ЖОБАСЫНЫҢ  
ЖЕҢІМПАЗЫ**



**ҚАЗАҚСТАН**

**ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ**

**30 ЖЫЛ**

**№8 (36)  
Желтоқсан  
Декабрь  
December  
2021**